

СИЛЛАБУС

2023-2024 оқу жылының 1 семестрі

«7М01802 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтары (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
90180 Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі қамқорлық, қараушылық, патронаж	6	15	30	00	5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	БП	Шолу, проблемалық, аналитикалық, ақпараттық, дәріс-презентация	жағдаяттық, тренингтік, жобалау, дискуссия	Жазбаша емтихан Универ жүйесі		
Дәріскер (лер)	Нурғалиева Долорес Абилдаевна, п.ғ.к., доцент м.а.					
e-mail:	nurdolores@mail.ru					
Телефоны:	87027675044					
Ассистент (тер)	Нурғалиева Долорес Абилдаевна, п.ғ.к., доцент м.а.					
e-mail:	nurdolores@mail.ru					
Телефоны:	87027675044					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*		ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)			
Ата-ананың қарауынсыз қалған патронаттық ұйымдардық және мемлекеттік, мемлекеттік емес мекемелердегі балалармен, балаларды асырап алушы отбасыларға әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу көрсету (патронат, асырап алушы отбасы, т.б.), асырап алушы, қамқоршы, қорғаншы отбасыларға кеңес беру, диагностикалық қызметтің әдіс-тәсілдерін меңгеретін әлеуметтік педагогикалық қызметке дайындайды	1. замануи жағдайда қамқоршының негізгі түрлеріне сипаттама береді; мемлекеттік қамқоршы мекемелердегі, отбасының орнын басушы әлеуметтік педагогикалық қызметкердің жұмысының әдістерін, кезеңдерін және қызметін біледі;		ЖИ 1.1. өтілетін курстың мазмұнын мен мәнін анықтау, ғылыми терминдермен жұмыс жасау ЖИ 1.2 қоғамда әлеуметтік жетімдердің туу себептерін теориялық және әлеуметтік тұрғыдан талдау; ЖИ 1.3. әлеуметтік жетім балаларды қолдау және педагогикалық сүйемелдеу			
	2. әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, жетім балаларды қалпына келтіру және әлеуметтік бейімделу мәселелері бойынша өз қозғарсын негіздей және қалыптастыруды меңгереді;		ЖИ 2.1 Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін талдау. ЖИ 2.2 Балалар үйінде / тәрбиеленушілер тобында оқу-тәрбие үрдісін басқару (талдау, мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау);			
	3. ата ананың орнын басушылардың құзіреттіктерін және әлеуметтік жетім мәселелерін бойынша педагогикалық жағдаят міндеттерді талдай білуді және құрастыра білуді меңгереді;		ЖИ 3.1. Әлеуметтік-мәдени бағдарламамен жұмыс істей білу қабілетін арттыру; ЖИ3.2 Балалардың тұлғалық дамуында түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.			
	4 әлеуметтік қамқоршы мекемелердегі және орнын басушы отбасылармен әлеуметтік педагогикалық қызметкердің қызметін ақпараттық әдістемелік қамтамасыз ету және жоспарлай білуді меңгереді;		ЖИ 4.1. оқу-тәрбие жүсінде әлеуметтік-педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану (патронат, асырап алушы отбасы, асырап алушы, қамқоршы, қорғаншы отбасы); Қарым-қатынас кедергілерін еңсеру және тұлғааралық қатығыстарды шешу;			

		ЖИ 4.2 Ата-ананың қарауынсыз қалған балалар мен жетім балаларды отбасыларға орналастырудың түрлі мемлекеттік және отбасылық үлгілерінде тәрбиеленушілерінің физикалық және психикалық денсаулықтарын сақтау және эмоционалды жағдайды реттеу әлеуметтік-педагогикалық технологияны меңгеру.
	5. болашақ кәсіби қызметіндегі әлеуметтік жетімдіктің мәселелерін шешуге өз еркімен қатысу және кәсіби дайындықты меңгереді.	ЖИ 5.1. Әлеуметтік педагогика саласындағы ғылыми-зерттеулерді сараптамадан өткізу біліктілігін қалыптастыру: өзінің кәсіби деңгейін үздіксіз арттыру; ЖИ 5.2 Зерттеу әрекетін жоспарлау және білім беру саласындағы мәселелер бойынша өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын игеру.
Пререквизиттер	Әлеуметтік педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері	
Постреквизиттер	Өзін-өзі тану және әлеуметтік педагогика бойынша зерттеулердегі математикалық әдістер	
Оқу ресурстары	<p>Әдебиет: негізгі, қосымша. Оқу әдебиеттері: Әдебиеттер мен ресурстар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Садвакасова З.М. В помощь педагогу-психологу в работе с детьми детского дома. – Учебно-методическое пособие. - Алматы, 2011.–270 с. 2. Садвакасова З.М. В помощь социальному педагогу, или как работать с трудными детьми: учебно-методическое пособие– Алматы: 2008. – 192 с. 3. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Психология сиротства. – СПб.:Питер, 2007. – 416 с. 4. Основы психологии семьи и семейного консультирования: О 75 Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под общ. ред. Н.Н. Посысоева. — М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2004. — 328 с 5. Технологии социальной работы с семьей и детьми: учебное пособие / А.С. Дудкин. - Пенза: ПГПУ им. В.Г.Белинского, 2011. - 40 с. 6. Шипицына Л.М. Психология детей-сирот: учебное пособие / Л.М. Шипицына. - Санкт-Петербург: Издательство СПбУ, 2005. - 628 с. 7. Аттестация педагогических и руководящих работников образовательных учреждений для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей: методические рекомендации / автор-сост. Л.К. сидорова. – М.: Айрис-пресс, 2004. 8. Водопьянова Н. Старченкова Е. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. – СПб.: Питер, 2008.. 9. Информационное сопровождение семейных форм устройства детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. – М.: ООО «Издательство «Проспект», 2010. – 192 с. 10. Рожков М. И., Сапожникова Т. Н. Социально-педагогическое сопровождение трудоустройства и профессиональной адаптации выпускников детских учреждений для детей-сирот: учебно-методическое пособие. — Калининград: Изд-во РГУ им. И. Канта, 2009. — 240 с. 11. Бобылева И.А. Социально-педагогическая поддержка воспитанников и выпускников организаций для детей-сирот: Монография. – М.: БФ «Расправь крылья!», 2016. – 288 с. <p>Законодательные и нормативно-правовые акты</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына концепция, ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, 2015 ж . 2. «Баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы, «Неке (ерлі-зайыптылар) және отбасы туралы» Кодекс 3. Бала үйі қызметін ұйымдастыру ережелері, № 228, 2000 ж .6 маусым . 4 .«Қамқорлық пен қорғаушылық бойынша мемлекет қызметтерін жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысы; 	

	<p>4 . «Патронаттық тәрбиелеушілерге берілген баланың (балалардың) күтіміне бөлінетін ақшалай қаражаттың көлемі мен төлемді жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 381 қаулысы .</p> <p>5.Об утверждении типовых правил деятельности видов организаций образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 июня 2013 года № 229. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 2 июля 2013 года № 8544.</p> <p>6. Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года № 345-ІІІ О правах ребенка в Республике Казахстан(с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.06.2021 г.)</p> <p>7.Об утверждении Положения о приемной семье.Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 7 октября 2016 года № 597. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 15 ноября 2016 года № 14425.</p> <p>8.Об утверждении регламентов государственных услуг, оказываемых органом, осуществляющим функции по опеке или попечительству.Постановление акимата города Астаны от 9 сентября 2015 года № 107-1565. Зарегистрировано Департаментом юстиции города Астаны 15 октября 2015 года № 952.</p> <p>9.Об утверждении Положения о патронатном воспитании. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 16 января 2015 №14. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан. 18.02.2015. № 10285.</p> <p>10.Об утверждении Правил назначения и выплаты государственных пособий семьям, имеющим детей. Приказ Министра здравоохранения и социального развития РК от 5 мая 2015 года №319. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан. 30.06.2015. № 11507.</p> <p>11.Об утверждении Правил формирования и использования Республиканского банка данных детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, и лиц, желающих принять детей на воспитание в свои семьи. Приказ МОН РК от 16.11.2016г. №661. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан. 11.01.2017. №14666.</p> <p>9. Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 113 Заңы</p> <p>Интернет–ресурсы https://www.sos-kazakhstan.kz/ https://rbd-kopd.kz/web/elektronnyj-bank-detej-sirot/bank-detej-sirot https://rbd-kopd.kz/ http://usynovite.kz/rus/child/</p>
<p>Пәннің академиялық саясаты</p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдегілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа <u>«Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі»</u> тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар</p>

<p>құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, 87027675044, nurdolores@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.</p> <p>МООС интеграциясы (massive openonline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p>Назар салыңыз! Өр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
--

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері		
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға			
A	4,0	95-100	Өте жақсы	<p>Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>		
A-	3,67	90-94				
B+	3,33	85-89	Жақсы	<p>Формативті және жиынтық бағалау</p>		
B	3,0	80-84		Дәрістердегі белсенділік	5	
B-	2,67	75-79		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20	
C+	2,33	70-74		Өзіндік жұмысы	25	
C	2,0	65-69		Жобалық және шығармашылық қызметі	10	
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық	Қорытынды бақылау (емтихан)	40	
D+	1,33	55-59		ЖИЫНТЫҒЫ	100	
D	1,0	50-54				
FX	0,5	25-49				
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз			

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
Модуль 1 Әлеуметтік жетімдікті талдаудың теориялық және әлеуметтік мәселеле			
1	<p>Д 1. Құрылымдық-функционалдық тәсіл контекстіндегі әлеуметтік жетімдік Қазақ қауымындағы жетім балаларға арналған мемлекеттік қайырымдылық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы. Оқу және балалар үйлері. Балаларға арналған баспаналар. - Революцияға дейінгі Қазақ ССР-індегі патронаттық жүйе.</p> <p><i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> кіріспе-дәріс (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми зерттеу әдісі, слайд, бейнебаяндар).</p>	1	
	СС 1. Жетім балаларға арналған кеңестік қайырымдылық жүйесінің қалыптасуы	2	7

	Қазақ хандығы тұсындағы жетім балаларға қамқорлық жүйесі Қазақстанда балалар үйлерінің пайда болу тарихы. Қазақ ССР-дегі қамқоршы және асырап алушы отбасы институты Сабақ түрі – пресс-конференция (талқылау, ауызша шағын хабарлама, презентация, конспектіні тексеру)		
2	Д 2. Әлеуметтік жетімдікті талдаудағы интерпритивизм тәсілі Қазіргі Қазақстандағы балалар үйінің жағдайы, құрылымы мен динамикасы - Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік жетімдік пен панасыздықтың себептері мен факторлары. - Қоғамның дағдарысы мен отбасылық мәселелер. - Неке мен отбасылық қатынастарды бұзатын факторлар. Қазіргі отбасының ерекшеліктері (түрлі әлеуметтік жағдайындағы отбасылар) <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы</i> дәріс-презентация (түсіндірмелік-иллюстративтік, ғылыми-іздену әдістері).	1	
	СС 2. 1."Жетімдік", "әлеуметтік жетімдік", "панасыздық", "қадағалаусыз қалу", "жасырын (латентное) жетімдік", "қайтарымды (қайталама) жетімдік"," қорғаншылық"," қамқоршылық", "бала асырап алу","алмастырушы отбасы", «депривация» ұғымдарды талдау. 2.Қазіргі отбасының дағдарысы әлемдік және қазақстандық проблема ретінде. 3.Әлеуметтік жетімдіктің саяси, экономикалық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық аспектілері. 4.Қоғамның адамгершілік жағдайы және әлеуметтік жетімдік. Әлеуметтік жетімдіктің әлеуметтік-демографиялық портреті. Қоғамның ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға деген көзқарасы: қоғамдық сананың модельдері. 5.Өзін-өзі анықтау және әлеуметтік жетімдікті болжау мәселесі. Сабақ түрі – шығармашылық жұмыс. пікірталас (салыстырмалы талдау, шағын хабарлама)	2	7
3	Д 3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғаудың нормативтік-құқықтық негіздері - Қазақстан Республикасында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық саясат және әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі заңдар мен нормативтік актілердің мазмұны Мемлекеттің көмегіне мұқтаж балалардың негізгі топтары және оларды орналастыру нысандары. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).	1	
	СС 3. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларды орналастырудың заңнамалық негізі - Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру мекемесінің әлеуметтік педагогының қызметінің мазмұны және функционалдық міндеттері. - Балаларды мемлекеттік білім беру мекемесіне, асырап алушылардың, қамқоршылардың, алмастыратын отбасылардың тәрбиесіне беру тәртібі. - Балалар үйі және мектеп-интернатта орналастыру жолдары, ерекшеліктері Сабақ түрі: семинар-пікірталас (салыстырмалы талдау, шағын хабарлама, баяндама, талдау және жинақтау).	2	7
	МОӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру. ҚР Отбасы кодексі, "қорғаншылық және қамқоршылық туралы", "жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша кепілдіктер туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтарының негізгі кепілдіктері туралы" сияқты аса маңызды мемлекеттік құжаттарды талдау негізінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, отбасылық орналастыруға жататын балалардың санаттарын, отбасылық орналастыру нысандарын, алдын ала қорғаншылық институтын, алмастыратын ата-аналарды даярлауды және т. б. Зерттеу жұмысын жүргізу.		20
4	Д 4. Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларды орналастырудың формалары - Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларды орналастырудың заңнамалық негізі - Қамқорлықтың отбасылық формалары (қамқоршылық пен қорғаншылық, патронат, асырап алу) - Институционалдандырылған қорғаншылықтың мазмұны мен мәні - Әлеуметтік жетімдіктің әлеуметтік-құқықтық аспектілері	1	

	<ul style="list-style-type: none"> - Балалар үйіндегі әлеуметтік жетімдердің типтері - Отбасылық зорлық-зомбылық әлеуметтік жетімдікті тудыратын бірден бір факторы ретінде <p><i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-пікірталас (репродуктивтік, эвристикалық, ғылыми-ізденістік әдістер)</i></p>		
	<p>СС 4. Әлеуметтік жетім мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды қоғамдық орындарға орналастыру жолдары</p> <p>Жетім балаларға арналған мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелері (Амина апай балалар үйі және т.б.)</p> <p>Қазақстан Республикасындағы жетімдік динамикасын себеп -салдарлық талдау және болжау</p> <p>Сабақ түрі- іскерлік ойын(рефератты қорғау, сызбанұсқа құрастыру, конспектілеу</p>	2	7
	<p>МӨЖ кеңес беру. 2-МӨЖ</p> <p>Әлеуметтік жетім балалармен жұмыс жасайтын педагогтардың психикалық күйзелісінің алдын алу жолдары</p> <p>Жұмыстағы стресс салдарынан психикалық күйзеліс және оның белгілері. Педагогикалық мамандық және күйзеліс. Жетім балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби күйзелісінің себептері. Психикалық күйзелістің үш факторлы моделінің компоненттері: эмоционалды сарқылу, деперсонализация, жеке жетістіктердің төмендеуі. Психикалық сарқылудың кезеңдері және оның физиологиялық, аффективті-когнитивті және мінез-құлық реакцияларындағы көрінісі. Әлеуметтік жетімдікті тудыратын «тәуекел топ» өкілдерінің әлеуметтік-психологиялық портретін зерттеу жолдары.</p> <p><i>Бақылау формасы - презентация дайындау, материалдар топтамасы.</i></p>		15
5	<p>Дәріс 5</p> <p>Жаңа Қазақстан қоғамындағы қайталанған (вторичного) екінші реттік жетімдіктің жалпы сипаттамасы</p> <p>Қазақстан Республикасындағы балалар үйінің құрылымы мен динамикасын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер.</p> <p>Балаларды орналастырудың отбасылық формаларын дамыту тұжырымдамасы</p> <p>Қазақстан Республикасының аймақтарында отбасын қолдау орталықтарын енгізу бойынша құқықтық механизмді құру</p> <p>Қазақстан Республикасының аймақтарында отбасын қолдау орталықтарын енгізуді ұйымдастыру-басқарушылық тұрғыдан қамтамасыз ету</p> <p><i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: дәріс-презентация (әңгімелеу, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі).</i></p>	1	
	<p>Практикалық сабақ 5.</p> <p>Жетім балаларға арналған мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелері.</p> <p>Қазақстан Республикасындағы жетімдік динамикасын себеп -салдарлық талдау және болжау</p> <p>Қазақстандағы балалар үйлерінің даму болашағы.</p> <p>Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар мен жетім балаларды орналастыру формалары</p> <p>Шет елдергі жетімдерді орналастыру формаларын талдау (Ұлыбритания, АҚШ және Канада, Үндістан, Ресей. салыстырмалы талдау)</p> <p>Сабақ түрі – ғылыми-шығармашылық жұмыс.</p>	2	7
Модуль 2 Жетім балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері			
6	<p>Д 6. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім балалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері</p> <p>Депривация, биологиялық және психикалық депривация ұғымы. Түрлері: сенсорлық, қозғалыс, әлеуметтік. Қозғалыс қажеттілігін шектеудің, визуалды, есту және кинестетикалық сезімдердің баланың психофизикалық дамуына әсері. Ана қамқорлығынан айырылған балалардың зияткерлік даму ерекшеліктері</p> <p><i>Оқытудың әдістемесі мен формасы: проблемалық дәріс (әңгімелеу, слайд, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</i></p>	1	
	<p>СС 6. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың психологиялық мәселелері</p> <p>Ата -анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санаттарының жіктелуі: жетім балалар; өмірдің алғашқы айларында қараусыз қалған балалар; жағымсыз отбасылық тәжірибесі бар балалар; көше және панасыз балалар. Ата -анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тән ерекшеліктер.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Отбасынан тыс тәрбиеленетін балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендірудің кейбір аспектілері <p>Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері</p>	2	7

	<p>Ана депривациясының салдарынан жетім балалардың эмоционалды-еріктік саласының бұрмаланған дамуы. Ақыл-ой дамуының тежелуі және оның түрлері.</p> <p>Әлеуметтік тәуекел тобындағы балалар. Әлеуметтік ажыратылған балалар, жетім балалар; тірі ата-аналары бар жетім балалар; отбасындағы "артық" балалар; белгілі бір тұрғылықты жері жоқ отбасыларының балалары; асоциалды отбасылардан шыққан балалар; отбасындағы әртүрлі зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар (физикалық, психикалық, жыныстық). Мінезінің кемшіліктері бар балалар.</p> <p>Дене кемістігі бар және физиологиялық бұзылулары бар балалар: мүгедек балалар; лилипут балалар; семіздікке шалдыққан балалар; бет әлпеті бұзылған балалар; зәр, нәжіс ұстамайтын, жыныс саласындағы ауытқулары бар балалар және т. б.</p> <p>Денсаулыққа қауіпті топ. Созылмалы аурулары бар балалар; ұзақ немесе жиі ауыратын балалар; физикалық, психикалық, жүйке жүйесі әлсіреген балалар. Күрделі проблемалары бар балалар. «Тәуекел тобындағы балалардың» портреттері: мінез -құлық пен белсенділіктің тән ерекшеліктері.</p> <p><i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> семинар (дөңгелек үстел, -әңгімелесу, баяндама, қысқаша анықтама, презентация).</p>		
7	<p>Д 7. Қазіргі жағдайда жетім балалар қамқорлығының баламалы нысандары ҚР асырап алушы отбасы институты. Асырап алушы отбасылардың типологиясы: асырап алушылардың, қорғаншылардың және қамқоршылардың отбасылары, патронаттық, қонақ отбасы. Асырап алушы отбасы институтының нормативтік-құқықтық негіздері. Патронаттық отбасының функциялары. Патронаттық тәрбие модельдері. Патронаттық тәрбие принциптері</p> <p><i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-кеңес (проблемалық баяндау әдісі, презентация, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</p>	1	
	<p>СС 7. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік қамқорлық жүйесі: балаларды қабылдау, балалар үйі, мектеп-интернат (приют, домребенка, детский дом)</p> <p>1. Кәсіби (қабылдау және патронаттық), отбасылық балалар үйі, SOS балалар ауылдары, мешіт және шіркеу жанындағы балалар үйлері, оларды құрудың нормативтік-құқықтық негізі.</p> <p>2. Баланы алмастыратын отбасында тәрбиелеу мәселелері. Отбасының бейімделуінің әртүрлі деңгейлеріне көмектесу. Алмастырушы отбасының қалыптасу кезеңдері</p> <p>3. Жетім балаларды орналастырудың халықаралық тәжірибесі. Киндердорф-ауылының Ж. Гмайера, фостерлі отбасы.</p> <p>3. Балалар үйіндегі өмір сүру және тәрбие жағдайларын отбасылық үйге жақындату формалары: отбасы үлгісіндегі балалар үйі, шағын жинақталған балалар үйі, балалар үйіндегі отбасылық-туыстық топ.</p> <p>4. Асырап алушы ата-аналардың құқықтары мен міндеттері. Баланы алмастыратын отбасында дамытудың оңтайлы шарттары. Асырап алушы ата-аналарды іздеу және іріктеу әдістемесі</p> <p>Сабақ түрі – дөңгелек стол</p>	2	8
	<p>МОӨЖ кеңес беру. 3-МӨЖ</p> <p>Л. Ярроу «Материнская депривация» кітабын оқып талдау. <i>Бақылау формасы</i> - презентация дайындау, материалдар топтамасы.</p>		15
Аралық бақылау 1			100
8	<p>ДС.8 Балалар үйі тәрбиеленушілерінің мінез-құлқының типтік мәселелері</p> <p>Жетім балалардың мектепке бейімделуінің алғышарттары, факторлары, көрсеткіштері</p> <p><i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі)</p>	1	
	<p>СС. 8</p> <p>Жетім балаларды әлеуметтендірудегі қиындықтар</p> <p>Әлеуметтену түсінігі. Әлеуметтенудің мега-, мезо- және микро факторлары.</p> <p>Әлеуметтенудің құрылымы мен субъектілері. Әлеуметтену кезеңдері. Әлеуметтенудің эмпирикалық көрсеткіштері (Мудрик бойынша). Бейімделу ресурстары және жетім балалардың бейімделуінің тән бұзылыстары: мінез-құлық, психосоматикалық, мазасыздық-депрессиялық, тез бейімделу жағдайлары. Әлеуметтену қиындықтары нәтижесінде жетім балалардың әлеуметтік бейімделуінің, әлеуметтік белсенділігінің, әлеуметтік құзыреттілігінің, әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуының төмен деңгейі.</p> <p>Балалар үйі тәрбиеленушілерінің мектептегі бейімсіздігінің алғышарттары, факторлары, көрсеткіштері. Мектепке бейімделу және бейімделу түсінігі. Бала мен мектеп ортасы арасындағы жанжал мектепке бейімделудің көзі ретінде. Жетім баланың психофизиологиялық мүмкіндіктерінің мектеп ортасының талаптарына сәйкес келмеуі нәтижесінде мектептегі дезадаптация. Алғышарттар және факторлар мектептік дезадаптация.</p>	2	6

	<p>Жетім балалардың даму тенденциялары мен динамикасын қалыптастырудағы, олардың адамгершілік, психикалық және физикалық дамуындағы шекаралық бұзушылықтардың алдын-алу және түзетудегі, мектептегі бұзылулардың алдын-алуға өмір сүру мен тәрбие жағдайларының шешуші рөлі, педагогикалық әсердің сипаты.</p> <p>Мектепке бейімделу бұзылыстарының педагогикалық және психологиялық диагностикасы</p> <p>Сабақ түрі – сұрақ-жауап</p>		
	<p>МООЖ кеңес беру. 4-МӨЖ Асырап алушы ата-аналар клубын құру жобасын жасаңыз. (Оны жүзеге асыру үшін әлеуметтік серіктестерді, қамқоршылық және қамқоршылық бөлімдерімен, қала әкімшілігімен, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, балалар үйінің жетекшілерімен және т.б. мәліметтерді жинақтау) <i>Бақылау формасы</i> - презентация дайындау, материалдар топтамасы.</p>		10
9	<p>ДС. 9 Балалар үйінің тұтас педагогикалық үдерісіндегі мониторинг нәтижелерін талдау. Жетім балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктерінің көріністерін бақылау. Жетім балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу процесі мен нәтижесінің критерийлері мен көрсеткіштері. Мониторинг және ғылыми зерттеу. Эмпирикалық зерттеу әдістері: Педагогикалық бақылау; сауалнама әдістері: әңгіме, сауалнама, сұхбат; психодиагностикалық әдістер; Құжаттаманы талдау; педагогикалық тәжірибені жалпылау; педагогикалық консилиум. Салыстыру және бағалау үшін негіздер. Мониторинг нәтижелерін талдау. Физикалық, психикалық және әлеуметтік даму мониторингін жүргізу технологиясы. Білім беру мекемесі деңгейіндегі мониторинг жүйелері. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-пресс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-іздену әдістері).</p>	1	
	<p>СС. 9 Балалар үйіндегі жетім балалардың мінез-құлық тәрбиесінің тұжырымдамалық ережелері Мінезді зерттеудің педагогикалық, психодиагностикалық, проективті әдістері мен интроспекция әдістері. Жетім баланың қалыптасатын сипатын зерттеу әдістемесі. Оқушының психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Жетім жасөспірімнің мінезін қалыптастыру мен тәрбиелеуді болжау, проблематизация және мақсат қою. Жетім балаларды балалар үйінің (интернат) тұтас педагогикалық процесінде тәрбиелеу Мектеп-интернат ұйымдардағы тәрбие бағыттары Балалар үйінің тәрбиеленушілерін тәрбиелеу мен дамытуды психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеу. Балалар үйіндегі жетім балалардың мінез-құлық тәрбиесінің тұжырымдамалық ережелері Балалар үйінің тәрбиеленушілерінің адамгершілік-еріктік мінез-құлқын тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу технологиясы. Жетім балалардың мінезін тәрбиелеудің жалпы педагогикалық және спецификалық әдістері (қоғамдық сананы қалыптастыру әдістері; іс-әрекеттегі жағымды тәжірибені қалыптастыру әдістері; белсенділікті ынталандыру әдістері) Сабақ түрі – пікірталас (аналитикалық есеп, қысқаша анықтама, презентация)</p>	2	6
10	<p>ДС. 10. Жетім балаларды отбасылық тәрбиелеу нысандары ҚР патронаттық отбасы институты. Асырап алушы отбасылардың типологиясы: асырап алушылардың, қорғаншылардың және қамқоршылардың отбасылары, патронаттық, қонақ отбасы. Асырап алушы отбасы институтының нормативтік-құқықтық негіздері. Патронаттық отбасының функциялары. Патронаттық тәрбие модельдері. Патронаттық тәрбие принциптері. Асырап алушы ата-аналардың құқықтары мен міндеттері. Баланы алмастыратын отбасында дамытудың оңтайлы шарттары. Асырап алушы ата-аналарды іздеу және іріктеу әдістемесі. <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-саяхат (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, проблемалық зерттеу әдістері).</p>	1	
	<p>СС. 10 Асырап алушы ата-аналардың отбасына берілген тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық даярлау Оқушыларды патронаттық отбасына орналастыруға дайындау бағдарламасы. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алушы ата-аналарды даярлау бағдарламасы. Әлеуметтік ата-ана болу мотивін, әлеуметтік жағдайын, жасын, материалдық жағдайын және т.б. ескере отырып, патронаттық отбасының нысанын таңдау бойынша ата-аналарға жеке кеңес беру. Тәрбиеленушінің өмірбаянын, жеке ісін, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу. Ата-аналарға асырап алынған баланың дамуын, мінез-құлқын және оқуын педагогикалық бақылау бойынша кеңес беру.</p>	2	6

	Жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру мекемелерінің патронат тәрбиешілері мен педагогтарының өзара іс-қимылын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар даярлау. Сабақ түрі – дөңгелек стол		
	МОӨЖ кеңес беру. 5-МӨЖ Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды дербес өмірге дайындау. <i>Бақылау формасы</i> - презентация дайындау, материалдар топтамасы.		10
Модуль 3 Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу тәсілдері			
11	Д 11. Тәрбиеленушілерді асырап алушы отбасында әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу Патронаттық отбасындағы тәрбиеленушілерді әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау модельдері. Сүйемелдеу компоненттері: сараптамалық-болжамдық, диагностикалық, мазмұндық-технологиялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық. Отбасын алмастырушы отбасындағы жетім балаларды тәрбиелеу процесі мен нәтижесін бақылау: Ата - ана мен бала қатынастарының ерекшеліктерін зерттеу, психофизикалық баланың даму динамикасын талдау, баланың әлеуметтік бейімделуі және т. б. патронаттық ата-аналарға кеңес беру <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, проблемалық, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдістері).	1	
	СС 11. Патронаттық, асырап алушы, қамқоршы, қорғаншылық тәрбиесіндегі тәрбиеленушілерге педагогикалық қолдау көрсету Балалардың агрессивті мінез-құлқына психологиялық-педагогикалық көмек Дөрекілік пен ұятсыздықты жеңуге психологиялық-педагогикалық көмек Адалдықты анықтау және түзету Ұрлықты жеңуге психологиялық-педагогикалық көмек өзін-өзі бағалауды арттыруға психологиялық-педагогикалық көмек депрессиялық жағдайдағы психологиялық-педагогикалық көмек Тәрбиелеу әдістері, тренингтер, жаттығулар - ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды меймандос және асырып алушы отбасыларға тапсыру Сабақ түрі- рольдік ойын	2	
12	Д 12. Өмірлік қиын жағдайларға тап болған отбасыларына қаржылық қолдау <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, проблемалық, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдістері).	1	
	СС 12. Асырап алу және отбасын алмастырушы отбасындағы жетім балаларды тәрбиелеу процесі мен нәтижесін бақылау: Ата - ана мен бала қатынастарының ерекшеліктерін зерттеу, психофизикалық баланың даму динамикасын талдау, баланың әлеуметтік бейімделуі және т. б. патронаттық ата-аналарға кеңес беру <i>Сабақ түрі – дөңгелек үстел.</i>	2	7
	МОӨЖ кеңес беру. 6-МӨЖ Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың заманауи формаларын салыстырыңыз: асырап алу, қамқоршылық, балалар үйі, балаларды қабылдау, патронаттық отбасы, балалар ауылы, діни балалар үйлері. Салыстыру критерийлерін өзіңіз жасаңыз. Сізге қандай формалар ең перспективалы болып көрінеді? Республикалық БАҚ-та жетім балаларды отбасына орналастыру тақырыбына арнайы түйіндеме жазыңыз.		15
13	Д 13. ЕББҚ етегін жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық әдіс).		
	СЗ 13. Балалар үйінде және мектеп-интернаттың оқу-тәрбие үрдісінде Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру Тәрбиеленушілердің білім беру (тәрбие бағдарламаларын) және жеке түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу. Білім беру бағдарламасының түсінігі және оның түрлері. Қойылатын талаптар білім беру бағдарламасының мазмұны мен безендірілуі. Балалар үйі тәрбиеленушісінің жеке түзету-дамыту бағдарламасының құрылымы мен мазмұны. Жеке тұлғаға бағытталған түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар: - бастауыш сынып оқушыларында мектепке қажетті функцияларды дамыту және түзету: ерікті назар, фонематикалық есту, кеңістіктік қабылдау, талдау, синтез; сөйлеудің "көз-қол" жүйесінде үйлестіру және т. б.; - кіші мектеп оқушыларының мінез-құлқын түзету;		7

	<p>- бастауыш сынып оқушыларының мектеп және әлеуметтік бейімсіздігінің алдын алу және жеңу;</p> <p>- жасөспірімдердің адамгершілік белсенді-еріктік қасиеттерін тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу;</p> <p>- тәрбиеленушілерді тәуелсіз өмірге дайындау;</p> <p>- жасөспірімдердің девиантты және деликвентті мінез -құлқының алдын алу және т.б.</p> <p>4. Интернаттық үлгідегі білім беру мекемелеріне қатысты "тәрбие ортасы" ұғымы.</p> <p>5. Балалар үйінің білім беру үдерісінің сапасы. Интернат үлгісіндегі мекеменің білім беру сапасының көрсеткіштері, өлшемдері мен индикаторлары. Интернат үлгісіндегі мекемелердегі білім беру</p> <p>Сабақ түрі – интерактивті түсіндірмелі сабақ</p>		
14	<p>Д 14. Әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға және балаларды орналастырудың отбасылық формаларын дамытуда Интернет желісімен жұмыс Интернеттің мүмкіндіктері және оның аудиториясы <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-пікірталас (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық әдіс).</p>		
	<p>СС 14. Республикалық Балалардың отбасылық құрылымы тақырыбы бойынша интернет-ресурстарға шолу Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы Мемлекеттік Деректер банкі туралы заңнамамен жұмыс Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы республикалық банк деректемесімен жұмыс. Балалар туралы ақпарат топтамалары Сабақ түрі – интерактивті түсіндірмелі сабақ</p>		6
	<p>МОӨЖ кеңес беру. 7-МӨЖ Балалар мектеп-интернаты мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында «Интернат жағдайында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік-педагогикалық қызметтің инновациялық технологиялары» атты бағдарлама даярлау</p>		15
15	<p>Дәріс 15 Әлеуметтік жетімдікті алдын алу мен отбасыларын нығайту барысындағы Ұлттық бағдарлама, (SOS Балалар ауылдары) жобаларды іске асыру жолдары Балалар үйінің тәрбиеленушілерін әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау <i>Оқытудың әдістемесі мен формасы:</i> дәріс-конференция (әңгімелеу, слайд, бейнебаяндар, эвристикалық, ғылыми-зерттеу әдісі)</p>	1	
	<p>Практикалық сабақ 15 Альтернативті тәрбиелеу формалары және балаларды асырап алушы отбасыларына жайғастыру тәртібі Отбасын қолдау мен нығайту бағдарламасы, балалардан бас тартуды алдын алу әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың түрлері Сабақ түрі – интерактивті түсіндірмелі сабақ</p>	2	6
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан

Меіірбаев Б.Б.

Кафедра меңгерушісі

Әлқожаева Н.С.

Дәріскер

Нургалиева Д.А.

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

МОӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.

ҚР Отбасы кодексі, "қорғаншылық және қамқоршылық туралы", "жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша кепілдіктер туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтарының негізгі кепілдіктері туралы" сияқты аса маңызды мемлекеттік құжаттарды талдау негізінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, отбасылық орналастыруға жататын балалардың санаттарын, отбасылық орналастыру нысандарын, алдын ала қорғаншылық институтын, алмастыратын ата-аналарды даярлауды және т. б. Зерттеу жұмысын жүргізу. **(АБ 100%-ның 25%)**

Критерийі	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Бағалау критерийлері: дәйектілік, толықтығы, презентацияның қисындылығы, әртүрлі көзқарастарды талдау, материалды өз бетінше жалпылау, кәсіби терминдерді қолдану, кәсіби сөйлеу мәдениеті, Материалды нақты қателіктерсіз ұсыну	Материал толық, дәйекті, сауатты және қисынды түрде ұсынылған жағдайда қойылады, сонымен бірге негізгі ұғымдар ашылып қана қоймай, сонымен қатар магистранттың ғылыми көзқарастары талданады.	Білім алушы оқу материалын сауатты және мәнін ашуға тырысқанымен, тақырыпты орындау барысында елеусіз қателіктер жіберілген жағдайда	Білім алушы тек негізгі материалды игерсе, дәлсіздіктерге жол берсе, дұрыс тұжырым жасамаса, материалды ұсынудағы реттілікті бұзса, талдау, дәлелдеу және қорытындылар арасында тиісті байланыстың жоқтығын көрсетсе,	Білім алушы берілген тапсырмалардың шешімін таба алмаған жағдайда

МОӨЖ кеңес беру. 2-МӨЖ

Әлеуметтік жетім балалармен жұмыс жасайтын педагогтардың психикалық күйзелісінің алдын алу жолдары

(АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Жұмыстағы стресс салдарынан психикалық күйзеліс және оның белгілерін алдын алуда зерттеу жұмысының логикалық құрылымының болуын, білім алушының өзінің позициясының болуын, оның ғылыми және мәселенің заманауи түсінігімен байланысын,	Қойылған тапсырмаға сәйкес негізгі теорияларды, тұжырымдамаларды түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыра алуы және оны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткілікті деңгейде түсіну, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға қатысуы, оны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларды меңгеруі қанағаттанарлық деңгейде түсінуі, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыруға талпынысы, бағдарламаны презентациялауы	Тапсырманы орындауда негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға түсінуі жеткіліксіз, өзіндік тұрғыдан бағдарлама құрасыра алмайды және оны презентациялауы төмен

дәлелдердің барабарлығын, презентация стилін, жұмыстың педагогикалық дизайнын ескеруі				
---	--	--	--	--

МОӨЖ кеңес беру. 3-МӨЖ

Л. Ярроу «Материнская депривация» кітабын оқып талдау. жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
ақпаратты дербес іздеу, іріктеу және жүйелеу, мәселені (проблеманы) ашу, білім алушыларды аудиторияны осы ақпаратпен таныстыру (ақпаратты ұсыну), оны талдау және жинақтау, ресімдеу, аудиторияның сұрақтарына мысалдармен толық жауаптар ескеріледі.	білім алушы мәселені (мәселені) толық ашқан, ақпаратты жүйеленген, дәйекті, логикалық, өзара байланысты, бірнеше кәсіби терминдерді қолданған, ақпараттық технологияларды кеңінен қолданған, ақпаратта қателіктер болмаған, тапсырманы мысалдармен толық жауап берген жағдайда қойылады	білім алушы мәселені (проблеманы) ашса, ақпаратты жүйеленген, дәйекті, қисынды, өзара байланысты ұсынса, 2-ден астам кәсіби терминдерді қолданса, ақпараттық технологияларды жеткілікті түрде қолданса, материалды ұсынуда 2-ден аспайтын қателіктер жіберсе, ішінара толық жауап берілген жағдайда	білім алушы мәселені (проблеманы) толық ашпаса, ақпаратты жүйеленбесе және толығымен дәйекті түрде ұсынбаса, 1-2 кәсіби терминді қолданса, ақпараттық технологияларды қолданса, материалды ұсынуда 3-4 қателік жіберсе, тапсырманың қарапайым сұрақтарының мазмұнына жауап бере алмаған жағдайда	сұрақ ашылмаса, ұсынылған ақпарат логикалық тұрғыдан байланысты болмаса, кәсіби терминдер қолданылмаса, материалды ұсынуда 4-тен астам қателік жіберілген, тапсырманы толық аша алмаған жағдайда

МОӨЖ кеңес беру. 4-МӨЖ Асырап алушы ата-аналар клубын құру жобасын жасау. (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Тақырып бойынша: 1) Бақылау сауалнамасының толық немесе жеткілікті ашылуы; 2) Нақты атаулар мен анықтамаларды көрсету; 3) ұғымдар мен категорияларды дұрыс тұжырымдау 4) жауаптың дербестігі, өз жіктемелері мен біліктіліктерін енгізе және қолдана білу, қарастырылып	білім алушы оқу материалын терең игерген, оны дәйекті, анық және қисынды түрде баяндайды, берілген тақырып бойынша өзінің пайымдаулары мен ойларын көрсетеді, тиісті қорытынды жасайды; теорияны практикамен тығыз байланыстыра алады, тапсырмаларды, бақылау сауалнамаларын және білімді қолданудың басқа түрлерін еркін орындай алады,	Егер жауап тақырыпқа немесе тапсырмаға сәйкес келсе және ашса, оқу материалын білетіндігін көрсетсе, тапсырманы орындау кезінде елеулі дәлсіздіктерге жол бермей, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, тапсырманы орындау кезінде теориялық ережелерді дұрыс қолданса, оны орындау үшін қажетті дағдылар мен әдістерді меңгерсе, бірақ өз	білім алушы тақырыпты/тапсырманы толық ашса, білім алушы тек негізгі материалды біледі, бірақ оның егжей-тегжейін білмейді, дәлсіздіктерге, дұрыс тұжырымдауға, тапсырма бойынша оқу материалын ұсынудағы логикалық дәйектіліктің бұзылуына жол береді, берілген тақырып бойынша өзінің пайымдаулары мен ойлары үстірт сипатта болады.	тақырып ашылмаса, жауаптың мазмұны тақырыпқа сәйкес келмейді, білім алушының оқу материалының едәуір бөлігі бойынша білімі жоқ және қойылған тапсырмаға жауапты сауатты баяндай алмайды, тақырып бойынша өз пікірін айтпайды, елеулі қателіктер жібереді, жауап дәйексіз, дәлелді емес түрде құрылады. Құзырет қалыптаспаған.

<p>отырған тақырып бойынша өз тұжырымдарын талдай және жасай білу (оқу және ғылыми әдебиеттерден алынған Қорытындыларды қайта таратуға жол беріледі); 5) негізгі (және қосымша) әдебиеттерді және өзге де материалдарды пайдалану және т. б.</p>	<p>тапсырмаларды өзгерту кезінде жауап беруде қиындық туғызбайды, әртүрлі ғылыми дереккөздердің материалдарын келтіреді, қабылданған шешімді дұрыс негіздейді, тапсырманы орындаудың жан-жақты дағдылары мен әдістерін меңгереді, құзыреттіліктің қалыптасуының тиісті деңгейін көрсетеді.</p>	<p>пікірін тұжырымдауда аз қиындықтарға тап болады, құзыреттердің қалыптасуының тиісті деңгейін көрсетеді.</p>		
--	--	--	--	--